**[https://ifor.kz/att](https://ifor.kz/att) сайтынан аттестат шығару нұсқаулығы**

# 1. Баптау және анықтама

Ең алдымен қалай толтыратыныңызды біліп(~~оқу ісі жөніндегі директордың орынбасарынан нақтылаңыз~~), өзіңізге керек өрістерді таңдап, **Сақтау** батырмасын басу арқылы мәліметтерді сақтап алыңыз. Сервис әрі қарай сақталған мәліметтерді алады. Сервисті ашылған жаңа терезеде қолданыңыз. Ұсыныс сервисті google chrome браузерінде пайдаланыңыз.




*Сурет 1*

А. Координаталарды компьютерге сақтау.




*Сурет 2*

Егер координаталарды өзгертетін болсаңыз немесе жөнделген координаталарды басқа қолданушылармен бөліскіңіз келсе **Координаталарды компьютерге сақтау** батырмасын басыңыз. Компьютеріңізге арнайы конфигурация файлы жүктеледі. Жеке мәліметтерді қосу пунктін таңдасаңыз конфигурация файлына мектеп аты/директор/курстар қосылады.




*Сурет 3*

**Жүктелген конфигурация файлын импорттау үшін** **Координаталарды импорттау** батырмасын басып жүктелген конфигурация файлын таңдаңыз. Егер координаталар сәтті жүктелсе тиісінше хабарлама шығады.




*Сурет 4*

# 2. Аттестат толтыру режимдері

**a. Мәліметтерді қолмен толтыру**

Бұл режимде Сіз мәліметтерді берілген әр өріске қолмен толтырасыз. Оқушы бағалары, мектеп мәліметтері барлығы қолмен толтырылады. Егер Сізде бірнеше оқушы болса екінші режимді қолданыңыз.

**b. Автоматты түрде excel файлынан алу**

Бұл режимде оқушы мәліметтері арнайы excel файлына толтырылып сервиске импортталады. Үлгіні алу үшін негізгі беттегі **Үлгіні алу** батырмасын басыңыз.




*Сурет 5*

Жүктелген архивтен файлдарды шығарыңыз




*Сурет 6*

Сәйкес сыныптың файлын ашып мәліметтерді толтырыңыз



| № | ТӘА | Қазақ_тілі | Қазақ_әдебиеті | Қазақ_тілі_мен_әдебиеті | Орыс_тілі | Орыс_әдебиеті | Орыс_тілі_мен_әдебиеті | Ана_тілі | әлем_әдебиеті | Шетел_тілі | Алгебра | Геометрия | Информатика | География | Биология | Физика | Химия | Дүние_жүзі_тарихы | Қазақстан_тарихы | Құқық_негіздері | Музыка | Көркем_еңбек | Дене_шынықтыру | Кімге | Кому | Тіркеу_номері | Аттестат_номері | Үздік_аттестат |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Домақов Ержан | 2 | 3 | 4 | 5 | ОЖ | ЕСП | Б | 2 | 3 | 4 | 5 | ОЖ | ЕСП | Б | 2 | 3 | 4 | 5 | ОЖ | Б | 3 | ОЖ | Домақов Ержанға | Домақов Ержан | 1 | 00111753 | 0 |
| 2 | Домақов Ержан Тұрсынбекұлы | 5 | 4 | 3 | 2 | Б | ОЖ | ЕСП | 1 | 4 | 3 | 2 | Б | ОЖ | ЕСП | 5 | 4 | 3 | 2 | Б | ЕСП | Б | Б | Домақов Ержан Тұрсынбекұлына | Домақов Ержан Тұрсынбекұлы | 2 | 00111754 | 0 |
| 3 | Дуйсенбаев Дамир | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 4 | 5 | 5 | 5 | ЕСП | Б | Б | Дуйсенбаев Дамирге | Дуйсенбаеву Дамиру | 3 | 00111755 | 0 |

*Сурет 7*

ЕСКЕРТУ мәліметтер берілген үлгіде толтырылуы керек
ЕСП-Есептелді/Есептелінді
Б-Босатылған
ОЖ-Оқыған жоқ/оқылған жоқ/оқылмады
Егер оқушыда үздік аттестат болатын болса 1, алтын белгі болса 2, жай аттестат болса 0 санын жазыңыз

Файлды сақтап сервиске импорттаңыз. Ол үшін негізгі беттегі **файлды таңдау/выберите файл** батырмасын басыңыз




*Сурет 8*

Ашылған терезеден excel файлын таңдап **Жүктеу** батырмасын басыңыз.




*Сурет 9*

Excel файлына толтырылған оқушылар жоғарыдағыдай болып көрінеді.

Егер қате файл таңдаған болсаңыз сервис сәйкесінше қате көрсетеді.




*Сурет 10*

Импортталған оқушыларды тышқанмен шертетін болсаңыз сол оқушының мәліметтері өрістерге автоматты түрде толтырылады.




*Сурет 11*

Егер excel файлға сәйкес өрістер толтырылған болса жалғаулар/аттестат нөмері/тіркеу нөмері т.б. мәліметтер автоматты түрде алынады.

Оқушыларды тазарту үшін **Тазарту** батырмасын басыңыз. Басқа сыныпты толтыру үшін жоғарыдағы әрекеттерді қайталаңыз.

# 3. Жалпы мәліметтер

Бұл бөлімде аттестат бланкісінің бірінші бет мәліметтері толтырылады. Өзгермейтін мәліметтер қолмен толтырылады. Мысалы мектеп аты/директор т.с.с.




*Сурет 12*

## 4. Оқушы мәліметтері

Бұл бөлімде аттестат бланкісінің екінші және үшінші бет мәліметтері толтырылады. Өзгермейтін мәліметтер қолмен толтырылады. Мектеп аты/Директор т.с.с.. Оқушы мәліметтерін excel файлдан алатын болсаңыз керек оқушыны таңдаған кезде автоматты түрде мәліметтері өзгереді.

# 5. Қарау және жүктеу




*Сурет 13*

**Қарау** батырмасын басатын болсаңыз аттестат бланкісі қосылады. Осы берілген бланкімен мәліметтерді туралауға болады. Бірақ Сіздің қолыңыздағы бланк сервистегі бланктен өзгеше болуы мүмкін. Сондықтан міндетті түрде **Браузерден шығару** батырмасы арқылы таза ақ қағазға шығарып алып қолыңыздағы бланкімен сәйкестендіріңіз.




*Сурет 14*

Сәйкестендірудің ең қарапайым әдісі сервис арқылы оқушы мәліметін **браузерден шығару** батырмасы арқылы басып шығарып алып қолыңыздағы бланкі үстіне қойып жарыққа қараңыз. Келмей тұрған өрістерді дұрыстау үшін келесі пунктіге өтіңіз.

# 6. Мәліметтерді туралау

Жоғырыдағы 14 суреттен байқағаныңыздай оқушының әкесінің атын солға қарай жылжыту керек. Ол үшін керек өрісті тауып алып қажет координатаны еңгізіңіз




*Сурет 15*

Қайта **Қарау** батырмасын бассаңыз мәліметтің қаншалықты жылжығанын байқайсыз




*Сурет 16*

# 7. Координаталар




Сәйкесінше мәліметтерді солға/оңға жылжыту үшін Х осін, жоғары/төмен жылжыту үшін Y осін өзгертесіз.

Мысалы Оқушының әкесінің атын әлде де солға жылжыту қажет болса х координатасын азайтасыз, оңға жылжыту үшін көбейтесіз

Мәліметтерді жоғары көтеру үшін Y координатасын азайтасыз, төмен түсіру үшін көбейтесіз.

Мысалы у координатасында 40 жазылып тұрса, Сіз 1 миллиметрге жоғары көтеру үшін 39 жазасыз.

*Сурет 17*

# 8. Аттестатты басып шығару

Барлық мәліметтің дұрыс толтырылғанын тексеріңіз. Сөздердің қолыңыздағы бланкідегі сызықтарға тура келіп тұрғанын тексеріңіз. **Браузерден шығару** батырмасын басып ашылған терезедегі өзіңізге қажет бетті аттестат бланкісіне шығарыңыз.

## Құттықтаймын!

## Сіз биылғы жылғы бірінші аттестатты шығардыңыз.

Туралайтын мәліметтер болса 6 пунктіге барыңыз. Тураланған мәліметтер қалған барлық бланкілерге өзгеріссіз қолданылады. Қажет болса координаталарды компьютерге сақтап алыңыз.

# Жобаға көмек

**Құрметті, қолданушы!**

Сервисті қолдану **тегін**. Бірақ, бұл сервис ерікті адамдардың көмегімен жұмыс жасайды(donate). Егер, осы сервистің қызметі ұнаса, мына реквизит арқылы қолдау білдіре аласыз.

Kaspi Gold/Halyk bank(тел:87751971324 Ержан Д.)

Телеграм топ сұрақтар үшін
https://t.me/+77yC-22yIHMyOTFi

Ұсыныстар үшін domaqov@gmail.com